

ПРОПОЛКИ

итмұрын және таңқурай шырыны қосылған

Соруға арналған балауыз, С дәрумені, итмұрын және таңқурай сығындысы бар
мүзкәмпиттер

Ауыз қуысы мен тамақтың қабыну процесстері кезіндегі жағдайды жақсартады
Ағзаның қарсы тұру қабілетінің жоғарылауына ықпал етеді

Құрамы

Бір мүзкәмпиттің құрамында: 2,18 г қант, 1,2073 г сұйық глюкоза, 0,035 г балауыз сығындысы, 0,020 г С дәрумені, 0,018 г таңқурайдың құрғақ сығындысы, 0,018 г итмұрынның құрғақ сығындысы, 0,016 г лимон қышқылы (Е 330), 0,0026 г таңқурай хош иісі, 0,0026 г кристалды ментол, 0,0005 г кармин қышқылы (Е120).

Әсері

Балауыз қабынуға қарсы және бактерицидті әсер етеді. Балауыздың құрамындағы флавоноидтар ағзаның қарсылыстығын жоғарылатады. Итмұрын ағзада оңай сіңетін табиғи С дәруменінің табиғи көзі болып табылады. Таңқурай шырынының тер шығаратын әсері бар, табиғи иммунитетті нығайтады.

Қолдану жөніндегі нұсқаулық

ПРОПОЛКИ ұсынылады:

биофлаваноидтар мен С дәруменінің көзі ретінде, тыныс алу жүйесінің функционалды жағдайын жақсартуға және иммунитетті жоғарлату үшін қолданады

Қолдану тәсілі

Күніне 1-5 мүзкәмпиттен. Балауыздың белсенді заттары ауыз қуысы мен тамақтың шырышты қабығына тиімді әсер ету үшін мүзкәмпиттерді баяу сору керек.

Қарсы көрсетілімдер

Құрамындағы заттарға жекеше түрде көтере алмаушылық. Ара өнімдеріне жоғары сезімталдығында ұсынылмайды. Белгіленген тәуліктік дозаны арттырмау керек.

Шығарылу түрі

Блистерде 8 мүзкәмпит. 2 блистерден қолданылуы жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон пәшкеге салады.

Сақтау шарттары

2-25°C температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Сақтау мерзімі

Өндірілген күнінен бастап 36 ай. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші

Sanofi-Aventis Sp. z.o.o. (Санofi-Авентис Сп.з.о.о.), Польша
Бонифратерска к-сі, 17
00-203 Варшава қ-сы

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы

«Санофи-авентис Қазақстан» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050016, Алматы қ., Қонаев к-сі 21б

телефон: 8-727-244-50-96

факс: 8-727-258-25-96

e-mail: quality.info@sanofi.com

Биологиялық белсенді қоспа, дәрі емес.

Мемлекеттік тіркеу куәлігі № KZ.16.01.78.003.E.000638.05.14.

тіркеу мерзімі 21.05.2014 ж